

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abay Kazakh National
Pedagogical University

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

4 (332)

JULY – AUGUST 2020

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі
Қажыбек Е.З.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сәбікенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сүлейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатыбалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтанаев Б.А.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалижанов У.К.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Құрманбайұлы Ш.**; тарихи ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дербісәлі А.**; саяси ғ. докторы, проф., **Бижанов А.К.**, тарих ғ. докторы, проф., **Кабульдинов З.Е.**

Р е д а к ц и я к ең с е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Муратов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); эк. ғ. докторы, проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докторы, проф. **Устименко В.А.** (Украина)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы».

ISSN 2224-5294

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген № **10894-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 500 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28; 219, 220 бөл.; тел.: 272-13-19, 272-13-18
<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Главный редактор

доктор филол. н., проф., член-корр. НАН РК

Қажыбек Е.З.

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабикенов**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **А. Дербисали**; доктор политических наук, проф., **Бижанов А.К.**; доктор ист. наук, проф., **Кабульдинов З.Е.**

Редакционный совет:

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З. Сафарова** (Азербайджан); докт. экон. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); докт. юр. н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук.

ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № **10894-Ж**, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год.

Тираж: 500 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28; ком. 219, 220; тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020.

Адрес типографии: «NurNaz GRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

Chief Editor

doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK

Kazhybek E.Z.

Editorial board:

Doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Baimuratov U.B.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Esim G.E.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kirabayev S.S.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Koshanov A.K.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Nyssanbayev A.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Sabikenov S.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Suleymenov M.K.**; doctor of economy, prof, academician of NAS RK **Satybaldin S.S.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Abzhanov H.M.**; doctor of history, prof, corresponding member of NAS RK **Abuseitova M.H.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Baitanaev B.A.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Zhakyp B.A.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kalizhanov U.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Hamzabekuly D.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Kozhamzharova D.P.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Koigeldiev M.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kurmanbaiuly Sh.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Taimaganbetov J.K.**; doctor of sociology, prof, corresponding member of NAS RK **Shaukenova Z.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Derbisali A.**; doctor of political science, prof **Bizhanov A.K.**; doctor of History, prof **Kabuldinov Z.E.**

Editorial staff:

Academician NAS Republic of Moldova **Belostechnik.G** (Moldova); Academician NAS Republic of Azerbaijan **Velikhanli N.** (Azerbaijan); Academician NAS Republic of Tajikistan **Nazarov T.N.** (Tajikistan); Academician NAS Republic of Moldova **Roshka A.** (Moldova) Academician NAS Republic of Moldova **Rusnak G.** (Moldova); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Muradov Sh.** (Azerbaijan); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Safarova Z.** (Azerbaijan); Associate professor of Economics **Vasilenko V.N.** (Ukraine), Associate professor of Law **Ustimenko V.A.** (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010.

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 500 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.129>

Volume 4, Number 332 (2020), 277 – 288

ЭОЖ: 821.512.122-3

FTAMP: 17.07.41

А.М. Ахметова, Н.Б. Ақыш

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.

E-mail: aynur_akhmetova@mail.ru

КИБЕР-ӘДЕБИЕТТІҢ ЖАНР КАТЕГОРИЯСЫ

Аннотация. Мақалада авторлар сандық әдебиеттің жанрлық типологиясына талдау жасаған. Дәстүрлі әдебиет пен электронды әдебиеттің аражігінде пайда болған субжанр түрлерін айқындаған. Сондай-ақ, дәстүрлі қағаз нұсқадағы әдебиет пен кибер-әдебиетке тән өлшемдер мен аспектілерді түсіндірген. Көркем шығарманың цифрлану үдерісі мен электронды әдебиеттің ерекшелігін айқындайтын қорытынды тұжырымдар жасаған.

Сонымен қатар, интернеттің және ақпараттық технологияның дәстүрлі әдебиетке ықпал етуі барысында жазылған қазақ әдебиетіндегі гибриді көркем туындылардың поэтикасын интерпретациялаған. Авторлар интернет парақшалардағы әдеби блог, күнделік, электронды портал, әдеби журнал, әлеуметтік желі, жеке-авторлық сайт, т.б. қазіргі желілік әдебиет жанрларының пайда болуына әсер етті деп есептейді. Мысал ретінде алынған көркем шығарма түрлерін (көркемдік деңгейі жоғары және нашар шығармалар) интернет пен сандық технологияның қазақ әдебиетіне ықпал етуінің белгісі, көрінісі ретінде ұсынған.

Желілік әдебиеттің «электронды әдебиет», «машина әдебиет», «сандық әдебиет», «интернет әдебиет» сынды баламалары атаулары көптеп кездеседі. Атауы ұқсас болғанымен, аталған әдебиет түрлерінің қызметі мен композиция, поэтикасына қатысты белгілі бір айырмашылықтар бар. Атаулы терминдердің семантикалық тұрғыда аражігі ажыратылмаған әрі оған қоса, оның жанрлық типологиясы да нақтыланбаған. Жалпы желіде жазылып, таралатын әдебиеттің күнделік (блог), фанат әдебиеті, эссе, миниатюра, фельетон, поэзия, әңгіме сынды жанрлық тектері көпшілікке белгілі. Бұдан өзге тек компьютер мониториянда бағдарламалар арқылы жазылатын цифрлық туындыларды желілік әдебиет жанрына телітін ғылыми-көпшілік көзқарас қалыптасқан. ХХІ ғасырда оқырманның басым бөлігі, әсіресе, жастардың ақпаратты визуалды қабылдауға икемделе бастауы да әдебиетте кино, сөз, видео, музыка, графика, кескіндеме өнер түрлерінің синтезделуі негізінде гибриді түрдің пайда болуына түрткі болды. Шығармалардың осындай медиалық сипатына орай гибриді жанр деген атау да орныққан. Отандық гибриді поэзия тудырған авторлардың шығармашылығы жан-жақты сарапталған. Сондай-ақ, авторлар отандық ақпараттық порталдарда дами бастаған әдеби блог немесе фанат әдебиетін дәстүрлі әдебиет түрлерімен салыстыра отырып, нақты шығармаларды талдаған. Әдебиет оқырмандары, жанкүйерлері тудыратын әдебиеттің оң және теріс сипаттарын, дәстүрлі әдебиеттен ерекшелігін айқындаған. Мақалада интернет желісіндегі көркем шығармаларды жанрлық тұрғыда классикациялауға байланысты автордың нақты ой-қорытындысы берілген.

Зерттеу жұмысында интернет желісінде жарияланып, насихатталатын әдебиет түрлерінің көркемдік поэтикасына, кітап нұсқадағы және сандық форматтағы әдебиеттің артықшылығы мен кемшілік тұстарын әдебиеттанулық аспектідегі әдіс-тәсілдер арқылы түсіндірген. Зерттеу нәтижесіне орай мақала авторлары қазіргі қазақ авторлары желілік жанр аясында электронды шығарма тудыруға қарағанда порталдағы жеке блог-беттерде, жеке сайттарда немесе әлеуметтік желідегі парақша, каналдарда жазған әдеби жазбаларын жариялауға ғана бейім деген тұжырым ұсынады.

Түйін сөздер: кибер-әдебиет, жанр, электронды әдебиет, қазақ әдебиеті, медиа-поэзия.

Кіріспе. Бүгінде көркемсөз өнеріндегі жанр категориясы туралы көзқарас-пікірлердің жиыны оның шартты механизмге айнала бастағанын негіздейді. Әдеби ортаның кейбір өкілдері шығарманы жанрлық түрлерге телу, күштеп жанрлық тектік атау беру үрдісі – әлеуметтік реализм

әдісін тудырған өткен қоғамның әрекеті екендігін алға тартады. Қазіргі уақытта жазылып жатқан әдеби туындылардың құрылымдық, мазмұндық-сюжеттік, стильдік жүйесі бұл пікірдің теориялық және практикалық жағын қуаттай түседі. Әлем әдебиетінде туып жатқан шығармалар табиғатынан бұған дейін көпшілік оқырман санасына бекіп, танымында жатталып қалған «роман», «повесть», «әңгіме», «өлең», «лирика», т.б. жанрлардың бірнеше түрін кездестіруге болады. Шығарманың ырғаққа, әуенге, бейнелілікке (видео), қысқалыққа құрылып, технологиялық бағдарламалар тілімен рәсімделіп берілуі бұрынғы нақты бір жанрлық түрге теліну үрдісінен арылып келеді. Яғни, интернет-коммуникация – желідегі әдеби шығармашылық үдерісі бұрынғы қалыптасқан жанр түрлерін трансформацияға түсірді.

Бұрынғы әдебиет біртекті табиғатын жоғалтып, уақыттың ағымына, цифрлық үрдістің дамуына орай оған параллель, балама ретінде шығып жатқан желілік әдебиетті дәстүрлі әдебиеттің бір жанры деп есептейтін пікірлер де кездеседі.

Әдістеме. Зерттеу барысында интернет желісіндегі шығармалардың жазылу, жариялану, насихатталу үдерісіне және көркемдік деңгейіне, жанрлық типологиясына салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық, герменевтикалық, мәдени-тарихи әдістер негізінде талдау жасалды. Мақалада келтірілген отандық әдеби портал, сайттармен қоса, әлеуметтік желілерде жарық көрген көркем шығармаларға шолу жасау арқылы талданатын шығармалар іріктелді. Интернет-әдебиеттің жанрлық типологиясын айқындау үшін аталған тақырыпты зерттеген шетелдік авторлардың еңбектері негізге алынды.

Талқылау және нәтиже. Желілік немесе интернет-әдебиеттің басты екі аспектіні ажыратқан жөн. Қағаз форматындағы көркем шығармалардың сандық нұсқасы бір қырын танытса, екінші жағдайда, сөз өнері белгілі бір өнер түрлері мен технологиялық құрылғы, бағдарламалардың синтезделуі арқылы жасалып, интернет кеңістікте өмір сүруде. Алғашқы түрі Қазақстанда қарқынды белең алған. Қазақ әдебиетінің әр дәуіріндегі туындылардың цифрлық нұсқасы және қарапайым мәтін күйінде adebiportal.kz, kitap.kz, kazneb.kz, madeniportal.kz сынды порталдар мен [Instagram.com](https://www.instagram.com), [facebook.com](https://www.facebook.com), [vk.com](https://www.vk.com), [telegram.org](https://www.telegram.org) т.б. әлеуметтік желілерде таралады. Сондай-ақ, жаңадан жазылған шығармалар кітап болып басылғанға дейін, алдын ала интернет алаңдарында жарық көреді. Сондай-ақ, интернет желісінде *онлайн және оффлайн тарап жатқан электронды кітаптар мен гипермәтінді* ресейлік зерттеуші С.А. Кучина электронды әдебиеттің бір жанрлық тектік түріне жатқызады [1, с. 119-123]. Алайда біз аталған жанрлық жіктеменің бұл түрін дәстүрлі әдебиеттің сандық нұсқасы және қағаз кітапқа тән көркем шығарма мәтінінің интернет кеңістігінде жариялану құбылысы деп қарастырамыз. Әдебиет тарихында алғашқы гипермәтін әдісімен жазылған туындылар қатарында жазушы Джеймс Джойстың «Улисс», «Поминки по Финнегану», Хулио Кортасардың «Игру в классики», Милорад Павичтің «Хазарский словарь», Виктор Пелевиннің «Т» романы, т.б. аталады. Қазақ әдебиетінде Мерей Қосын «Буве нүктесі» әңгімесінде гиперсілтеме қолданған. Бұл туралы төменде толығырақ талдап көрсетеміз. Гипермәтін дегеніміз – шығарма мәтінінің компьютер желісі, локальды дискіде орналасқан файлдармен немесе интернет алаңдарына орналасқан мәтінмен арнайы гиперсілтеме арқылы байланысуы.

Интернет-әдебиеттің екінші түрі – компьютердегі ақылды бағдарламалар арқылы музыка, ән, кескіндеме, сурет, кино өнерінің элементтері сөз таңбасымен синтезделіп, компьютер мониторында жасалатын әдеби шығарма. Компьютерде жасалған көркемсөз туындысы қағазға басып шығаруға болмайтын әрі экранда ғана өмір сүретін динамикалық, интерактивтік өнер түрінің біріне баланады. Электронды әдебиет тудырудың басты тетіктеріне анимация, мультимедиалық нысан, интерактивтік үдерістер мен өздігінен жасалатын мәтіктік үлгілер жатады [1, с. 119]. Мұндай нұсқадағы сандық туындыларды *желілік әдебиет жанры* деп арнайы қарастырған зерттеушілер кездеседі [1, с. 119]. Аталған жанр түріне сурет, музыка, дыбыс және мәтіннің гибриденуі арқылы жасалған гипермәтіндік электронды шығармалар жатады. Онлайн, оффлайн кітаптар мен гипермәтін жанрынан желілік әдебиет жанрының айырмашылығы мәтін бөлігі – сөз, картина тұтастай гиперсілтеме арқылы байланысқан. Алғашқы жанр түрінде гипермәтіннің сан қырынан дамыған механизмдері байқалмаған еді. С.А. Кучинаның компьютер бағдарламалары арқылы жасалған әдебиетті желілік әдебиет деп жіктеуінің өзін де шартты категория деп есептейміз. Қазіргі уақытта жалпы интернет кеңістікте тарап жатқан әрі сонда орналасқан шығармаларды желілік әдебиет деп атайтын үрдіс қалыптасқан.

«Электронды әдебиет антологиясына» [2] топтастырылған Р.Холетонның (Richard Holeyton) «Frequently Asked Questions about «Hypertext («Гипермәтін» туралы жиі қойылатын сұрақтар)», Дж.Моррисидің (Judd Morrissey) «The Jew's Daughter (Еврей қызы)», Ш.Джексонның (Shelley Jackson) «My body – a Wunderkammer», О.Ферриероның (Oscar Ferriero) «Rice» электронды нарративтері желілік әдебиеттің үздік үлгісіне жатады. Алғашқы жарық көрген гипермәтіндік шығарма ретінде М.Джойстың «Twelve blue» туындысы аталады. Желілік әдебиеттің шынайы авторымен қатар, оқырман да қосалқы автор қызметін атқаруы мүмкін. Бұдан басқа постмодернистік дискурс мәнінде түсіндірілетін «автор өлімі», «авторлық ұжым» концепциясын да желілік әдебиеттегі автор типологиясы аясында қарастыруға негіз бар.

«Электронная литература: жанровые, семантические и структурные особенности» еңбегінің авторы С.Кучина электронды нарратив пен компьютерлік ойын араласқан шығармаларды *интерактивтік көркем әдебиет жанры*; оқиға мен кейіпкерлер диалогтік интерактивтік формада көрініс табатын туындыларды *интерактивтік драма жанры*, мобильді gps-технологияға негізделген *локатионер мен медиа нарративтерді* арнайы жанр ретінде қарастырған. Біздің ойымызша, электронды-ақпараттық технология мен сөз, сурет, әуен, анимация сынды өнер түрлерінің гибридтену құбылысын іштей бірнеше субжанрға бөлу қисынға келмейтіндей көрінеді. Өйткені дамыған технология түрлері әдебиетке барынша ықпал етіп, шығарма құрылымын, жалпы поэтикалық архитектурасын сан қырынан түрлендіруде. Мұндай әдебиетті электронды немесе сандық әдебиет жанры деп тұтас атаған жөн деп есептейміз.

Интернеттің әдеби шығармашылыққа әсерін зерттеген ғалымдар желілік әдебиеттің жанрлық типологиясын арнайы қарастырған. Тілдік аспектіде «Виртуалды жанртану» пәнін негіздеген Е.И. Горошко, Т.Л. Полякова [3] және аталған зерттеушілерге арқа сүйеген О.А. Казакова мен А.А. Долганина [4] интернет-әдебиет жанрының үш жіктелімін көрсеткен: 1. Интернет парақшаларына өзгеріссіз салынған дәстүрлі қағаз форматындағы әдебиет жанры – мәтіннің файл түрінде берілуі; 2. Интернетте жаратылып әрі сол виртуалды кеңістікте өмір сүретін желілік (сандық) әдебиет; 3. Дәстүрлі жанрларға интернеттің ықпал етуі арқылы пайда болған гибридті (синтез) жанрлар. Зерттеушілер анықтаған алғашқы жіктемені жанр түріне жатқызу қисынға келмейді. Ол, бар болғаны, оқырманға қолға алып оқып жүрген кітаптың электронды нұсқасы. Авторы да, шығарма құрылымы да өзгеріске түспеген. Бұл пікірімізді желілік әдебиетті арнайы зерттеген бельгиялық В.Схелтйенстің сөзі де қуаттайды: «Кең мағынада алғанда «сетература» термині интернетте орналасқан әрбір әдеби мәтінді білдіреді. Бұл жағдайда сетератураны ерекше жанр деп айтуға келмейді» [5]. Зерттеуші Л.Сарин желілік әдебиетті постмодернизм бағытының жалғасы деп таныса, екінші жағынан, желілік баяндаудың жаңа түрі постмодернизм дәстүрін дамытудың орнына, керісінше жоюда деген пікір ұсынады. Оның ойынша, «интернет желісіндегі жазушылар жаңа мәтін тудырмай, өзіне дейін дүниеге келген мәтіндердегі архетиптерді жаңғытуда» [6, с. 435].

Интернет парақшалардағы әдеби блог, күнделік, электрондық портал, әдеби журнал, әлеуметтік желі, жеке-авторлық сайттар, т.б. қазіргі желілік әдебиет жанрларының пайда болуына әсер етті. Интернет-әдебиеттегі жанр типологиясын қарастыру барысында виртуалды жанрдың қалыптасуында дәстүрлі әдебиет жанрлары басым ықпал етіп, маңызды орын алғаны мәлім. Гибридтену құбылысы барысында желілік әдебиеттің субжанрлары пайда болды. Виртуалды әдебиет аясынан тыс ой қозғар болсақ, шын мәнінде, бұрынғы көлемді жанрлар айтарлықтай өзгеріске ұшырап, көлемі қысқара бастады. Қазіргі қазақ әдебиеті өкілдерінің арасында Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», Мадина Омарованың «Ана-ғұмыр» және басқа да жарты беттік әңгімелерін алға тартуымызға болады. Идея мен авторлық интенцияны берудің жаңа формалары, көркемдік әдіс-тәсілдері қалыптасты. Көптеген авторлар қысқа, нақты ой айтып, ұзын-сонар баяндаудың орнына қазына-ойды мәтіннің астыңғы қабаттарына жасырып ұстау үшін әлем әдебиетіндегі айсберг әдісін ұстанғанды жөн санайтындай. 2019 жылы «Егемен Қазақстан» газеті «Ең қысқа әңгіме» айдарымен [7] байқау жариялап, бірнеше әңгімелерді сайтқа орналастырды. Қысқа әңгімелерді жақсы қабылдаған оқырманның классикалық роман, повесть жанрындағы бестселлер шығармаларды да сүйіп оқитыны күнделікті тәжірибемізден белгілі.



Интернет-коммуникациядағы жанр классикациясын зерттеушілердің кейбірі [4, с. 106] ғаламтордағы 6-1000 сөзді қамтитын әдеби әңгімелерді «флэш фикшн онлайн (flash fiction online/))» деген жалпы жанрлық кешенді атаумен түйіндеген. Зерттеушілердің мысалға келтірген екі-үш сөйлемнен тұратын әңгімелері нақты, қысқа жазылып, авторлық ой барынша сығымдалып берілген.


Технология механизмдерімен және басқа салалармен синтезделіп, медиалық сипат алмаған интернеттегі сөйлем, абзац сынды компоненттерден құралған әдеби шығармалардың жүйелі жанрлық типологиясының қалыптаспағандығын да айтқан жөн. Шығарманың тақырыптық-мазмұндық, формалық ерекшелігіне қарай дәстүрлі жанрлар классификация аясында желілік әдебиет типологиясының негізі салынған. Мысалы, «Живой журнал» www.livejournal.com сайтының Ілмектер (теги) айдарында [8] *күнделік (блог түрінде), эссе, миниатюра, фельетон, поэзия, әңгіме* т.б. жанрындағы шығармаларды көптеп кездестіруге болады. Ал мазмұны, тақырыбына орай юморлық, сатиралық, ирониялық, пародиялық, траги-комедиялық, трагедиялық деген жанрларға жіктелген. Туындыларды жанры бойынша жеңіл ажырату үшін арнайы ілмектер (теги) қолданылған. Интернет-аландағы жарияланған әдеби шығармалардың көркемдік-сапалық деңгейі жоғары деуге келмейді. Мұндай туындылар, көп жағдайда, көпшілікке арналған дәстүрлі әдебиеттегі бұқаралық және беллетристикалық шығармалардың арнасын молайтатыны мәлім.

Поэзия. Желіде жарияланатын поэзиялық шығармалардың дәстүрлі поэзиядан айтарлықтай ерекшелігі байқалмайды. Виртуалды кеңістікте тарайтын өлең мәтіні қағаз кітапқа басылып та шығып жатады. Шетел әдебиетінің бір тармағын құрайтын орыс желілік поэзиясы мен интернет кеңістікте жазылып жатқан қазақ өлеңдерін салыстырғанда айырмашылық байқалады. 1. Ол – қазақ оқырмандарының желідегі автормен интерактивті байланыстың әлсіздігі. Оқырмандар, көп жағдайда, коммент жазумен шектеліп, шығарманы өз бетімен жалғастырып жазып, қосалқы авторы болуға ұмтыла белмейді. Жоғарыда біз келтірген онлайн журналда орыс авторлары мен оқырмандарының арасында бұл үрдіс жақсы қарқын алған. 2. Екі әдебиетке де ортақ белгі – виртуалды кеңістікте өлең жолдарының авторсыз көшіріліп, таралуы. Мысалы, ақын Бауыржан Қарағыздың «Онлайндағы сезім уілі» деген өлеңі әлеуметтік желілерде авторы көрсетілмей таралған [9]. Алайда ақынның 2014 жылы шыққан «Жүрек кітабы» атты жыр жинағына аталған өлең кірген. Плагиат – интернет арқылы таралып, насихатталатын әдебиет үлгілерімен қоса, кез келген жазбаға тән ауқымды күрделі мәселенің бірі.

Қазіргі қазақ ақындарының көбісі әлеуметтік желіде өлең жазады. Әлеуметтік желіге тіркелмеген немесе интернетті қолданбайтын ақындардың шығармашылығы әдеби порталдар арқылы жарияланып жатады. Осы тұста өлең мәтінінің интернетте жариялану үдерісі мен экранда ақылды бағдарламалар қызметін қолданып, поэзия тудырудың айырмашылығын ажыратқанымыз жөн. Алғашқы түрі жайында жоғарыда жаздық. Желілік әдебиеттегі поэзияның субжанрының бір түрі **медиапоэзия** деп аталады. Яғни, шетел желілік әдебиетінде, оның ішінде, ресей, украин, эстон поэзиясында жақсы дамыған. Кино, музыка, кескіндеме, бейнелеу, әдебиет және сандық, ақпараттық технология түрлерінің тұтастануы арқылы медиапоэзия жоғары қарқынмен дамуда. Қазақстанның желілік әдебиетінде қысқа метражды киноға негізделген бейнепоэзия түрлері жарық көруде. Бұл жайында бұрынғы зерттеулерімізде кеңірек талдап жазғанбыз.

Қазіргі уақытта қазақ желілік әдебиетінде әлеуметтік желі функцияларын араластыра отырып, өлең өру үрдісі байқалады. Мысалы, facebook.com әлеуметтік желісінде «Қауырсын қалам» парақшасы ақын Әлішер Әлімжанның «Жүрекпен жазылған өлең (жүрек-смайликпен құрастырылған – авт.)» атты каллиграммалық өлеңін жариялаған. Өлеңге оқырмандар арасында түрлі комменттер берілген. Онда кейбір желі қолданушылары өлеңді түсінбегенін алға тартса, тағы бірі суретпен өлең құрастыру тәсілі – каллиграмма әдебиетте ежелден қолданылып келе жатқан әдіс екендігін айтады. Әдебиеттің белді өкілі, ақын Байбота Қошым-Ноғай «Жүрекпен жазылған өлеңнің» көркемдік мәнін ашатындай түсіндірме берген. Қызыл түсті жүрек-смайлик алаулаған, жалындаған махаббаттың символы екендігі ұжымдық сана танымынан мәлім. Ал сары түс – сағынышпен, жасыл реңк қазақ танымында жастық шақпен әрі жаңа шыққан өсімдік-көкпен ассоциацияланады.

<p>Ақын Әлішер Әлімжанның өлеңі</p> <p>Қауырсын Ғалам <small>и Арманом Шеризатом</small> и ещё 8 26 дек. 2017 г. в 12:06</p> <p>Әлімжан Әлішер – жүрекпен өлең жазатын ақын екен) Әлем бойынша жүрекпен жазылған жалғыз "өлең" бұл)</p> <p>Ұтымды әзілден ақынның мінезін байқауға болатын сияқты, Сіздер қалай ойлайсыздар?)</p>  <p>♥-пен жазылған өлең</p> <p>(с) Ә. Әлішер 2015 ж</p>	<p>Байбота Қошым-Ноғай</p> <p>"Жүрекпен жазылған өлеңнің" алғашқы шумағы махаббаттың жалынды екенін, келесі шумағы сағыныштан сарғайған шақты, үшінші шумағы көсегесі көгерген жастықты бейнелеп тұрған тәрізді. Бір жағынан, бұл каллиграмманың жаттанды жырларға бағышталған пародиялық сипаты бар.</p> <p>2 л. Нравится Ответить</p>	<p>Байбота Қошым-Ноғай</p> <p>Каллиграмманың (сурет-өлеңнің) түрі көп. Ол негізі ақынның астарлы әзіліне құрылады. Оны "жаттап алу" міндетті емес. Өзіңше "оқы". Әлімжан Әлішердің "Жүрекпен жазылған өлеңінде" де астарлы әзіл бар. Әдетте өлең жүрекпен жазылады деген ұғым бар ғой. Оның үстіне әр шумақтың өзіндік "айтары" хәм өзгеше "баяуы" болады. Мынау неміс ақыны Кристиан Моргенштерннің (1871–1914) "Балықтың түнгі жыры" атты өлеңі. Ақын екі таңбамен айдыңға ұмтылған балықтың суретін салады. Өмірі дауысын ешкім естімеген мылқау балық ашық айдыңға ұмтылып, "жырлап" тұрған жоқ па? Сол сияқты бұл да. Мен Әлімжан Әлішер қызық эксперимент жасап отыр деп білемін.</p>  <p>2 л. Нравится Ответить</p>
---	--	---

<p>Байбота Қошым-Ноғай</p> <p>Гұшатқа сәлем хат</p> <p>Күн бүгін Тамаша! Бәлемде оңаша Отырып Бір Сәт Мен</p> <p>Сырастым қолыма қалам ап Гұшатпен: «Сен кеше алаңсыз кішкене қыз едің, Он тәртке келдің, бой түзедің. Солай ма? Алайда Сен Мені Ұмытпа, Жарай ма? Дос едік біз кеше, Сен мені іздеуші ең, Мен сені сағынып іздесем! Жоқ бізге ешкімнің таласы!... Сен – жиен, мен болсам – нағашы... Апам мен атамның қолында бірге өстік Секілді бір үйдің тете өскен, тел емген баласы.</p> <p>Жіні жаз, Жіні жаз, Жіні жаз, Жіні жаз, Жіні жаз, Жіні жаз, Хатымды, қарағым! Мен жазда барамын...»</p>	<p>Жүсіп Қыдыров</p>  <p>Жерге тимес табаным</p> <p>P.S. оқылуы: Қызғалдағым қырмызы Қара жер мен күн қызы, Сенсіз жетім дала-күм, Жапырағым, сабағым. Сені көріп жүгірсем Жерге тимес табаным /түпнұсқадаи/</p>
--	---

Визуалды поэзия поэтикасы қазақ ақындарының да қызығушылығын тудырған. Әдетте, бейнелі сөзбен пішін тудыруға қазақ ақындары әуестене бермейді. Дегенмен каллиграммалық жанрдың да әлем әдебиетінде б.з.д. III ғасырдан бері туып, қалыптасу және даму тарихы бар. Өмірдің сан саласынан, ғалам мен табиғаттың алуан көрінісінен поэзия сұлбасын танып, ақындық сезіммен қабылдайтын сөз иелері суретті өлең тудыру сынды эксперименттерге де баратынын байқадық. Демек, қазіргі желілік әдебиеттегі визуалды поэзия жанрын дәстүрлі әдебиеттегі фигуралық өлеңдердің жалғасы деп қабылдаймыз. Ақын Б.Қошым-Ноғайдың сөзінше қазақ әдебиетінде сурет-өлең тудырған төрт ақын бар екен. Байбота Серікбайұлы каллиграммаларды балаларға арналған өлең, тақпақтарында ұтымды пайдаланған. Қазіргі балалар поэзиясын сан қырынан жаңа сатыға көтеру үшін осындай ізденістер қажет секілді көрінеді.

Қазақ ақындарының ішінде әлеуметтік желі қызметін (смайлик) сөз өнерімен синтездей отырып, өлең жазған Әлімжан Әлішер ғана екен. Интернет-әдебиеттің поэзия жанры қазақ әдебиетінде кездескендіктен өзге халықтар поэзиясынан мысал келтірмейміз. Қызыққан оқырман жоғарыда көрсетілген сілтемелер арқылы ғаламтор желісінен қарап, оқып шығуға мүмкіндігі бар.

Ақын Бауыржан Қарағыздың «Жүрек кітабы» өлеңдер жинағына «SMS хаттар» сериясымен бірнеше өлеңдері енген. Ғашығына бірнеше смс-хат жолдаған немесе жауап күткен лирикалық кейіпкердің күрделі жан әлемі, махаббат сезімін бастан кешкендегі ішкі хал-жағдайы өлеңмен өрілген. Оқыған адам шынайылықты сезінеді, терең сезімдерге беріледі, тәтті мұңды бастан кешеді. Алайда бұл өлеңдердің ішкі және сыртқы пішініне әсер еткен интернет пен сандық құрылғылардың тетіктерін байқамаймыз. Смс-хаттардың арасында «Онлайндағы сезім уілі» [14, 85 б.] деген өлеңнің соңғы жолдары интернет-коммуникацияның – электронды мекенжай қызметін көрсететін сайттың бірі – mail.ru атауымен ұйқас келеді. Аталған өлеңнің соңғы шумағын мысал ретінде келтірейік.

Міне, осылай сөзімнен нұр саулаттым – жасыл нұр,

Ғашық еттің, қайтейін... Бақыт гүлің ашылғыр!

Сені ойлау – Сағыныш және тәтті қайғыру...

Жауап жазсаң почтама – bauke82@mail.ru

Желідегі әдемілікке тамсанған мәтіндегі автордың эксплицитті бейнесі мінсіз арудың бейнесін сомдап шыққан. Экрандағы әйелзатының тұлғасын сөзбен безендіріп келе жатып, соңғы жолды «bauke82@mail.ru» атауымен түйіндеуі езуге күлкі үйіреді. Сұлулықтың мінсіз ажарын бедерлегенімен сол мүсіннің шынайылығына ақын көңілі де толықтай иланбайтындай көрінеді.

Әдеби блог немесе фанат әдебиеті. Желілік әдебиет жанрының келесі бір түрі блог және фанат әдебиеті (фанфикшн) деп аталады. Блог дегеніміз оқырманның интернеттегі жеке көзқарасына негізделген ойын жазатын желі журналы, күнделігі. Ағылшынша web log атауынан шыққан. Блог, көп жағдайда, қысқа, нақты жазылады. Блогшылар өзін толғандырған тақырыптар туралы жазып, қоғамда орын алып жатқан оқиғаларға жеке сыни пікірін білдіреді. Блог хақындағы ойымыздың негізі Kerekinfo.kz платформасынан алынды, сондай-ақ, блог, блогосфера, блогиада терминдері туралы аталған жүйеде толығырақ түсініктеме берілген [15].

Отандық портал мен сайттарда әдеби блогтар да жүргізіледі. Kerekinfo.kz пен massaget.kz сайттарындағы блог айдарында желілік әдебиеттің бір жанры – фанат әдебиеті де дамып келеді. Әлемдік әдеби үдерісте фанат әдебиеті, яғни жанкүйер әдебиеті фанфик (funfic) атауымен белгілі. Фанфик дегеніміз – жанкүйерлер өзінің сүйікті туындыларын немесе классикалық шығармаларды арықарай жалғастырып жазуы. Яғни, оқырман дәстүрлі әдебиеттегі танымал туындыларға негіздеп, қайта шығарма тудырады немесе бестселлердің оқиғасын басқаша өрбітіп, қалауындағыдай аяқтайды. Мысалы, «Анна Каренина», «Соғыс пен бейбітшілік», «Шебер мен Маргарита», «Гарри Поттер», «Қылмыс пен жаза» сынды классикалық туындыларға еліктеп жазылған жанкүйерлер шығармасын санап шығу мүмкін емес. Мұндай үрдіс Қазақстан әдебиетінде де байқалады. Жоғарыда аталған қазақстандық интернет жүйелерінде ақын Абай Құнанбайұлының өзінің туындыларына және ол жайында жарық көрген әдеби шығармаларға негізделіп жанкүйерлер әдеби жазба жариялаған. Отандық фанфик қазіргі уақытта сайт блогтарында жарық көруде.

Kerekinfo.kz платформасында Maksache лақап есімімен «Абай жолы және зомби» және өзге авторлардың Абай қарасөздеріне қатысты плагиат-блогтары жарияланған. «Абай жолы және

зомби» туындысының авторы жазушылыққа талпынып жүрген Мақсат Мәлік есімді автор екендігі басқа әлеуметтік желілер арқылы анықталды. Аталған туындысында Мәлік танымал шығарманың дайын мәтіндері мен кейіпкер есімдерін, әрекеттерін сол күйінде мэшап жанрындағы жазбасына қолданған. Блогердің өзі Facebook.com [16] және Vk.com [17] желілеріндегі парақшасында «Абай жолы және зомби» шығармасына комментарий және рецензия жазған. Туынды түрін **мэшап** (ағылш. mash-up – композицияны араластыру) және **стимпанк** (субмәдениет) (ағылш. steam punk – steam – бу; punk – нашар, жағымсыз) жанрына телиді. Мэшап жанры алғашқы кезде ХХ ғасырдың басында музыка саласында қолданыла бастады. Екі түрлі туындының екі немесе одан да көп бөлік, қабаттарын біріктіру арқылы түпнұсқалық емес жаңа туынды тудыру үдерісі мэшап деп аталады. Ал стимпанк ұғымы алғашында ХІХ ғасырдағы буу машиналарының қызметіне қатысты пайда болып, кейіннен әдебиеттің ғылыми-фантастикалық жарны ретінде танылды. Кеңірек пайымдағанда қазіргі күні белгілі бір мәдениет қабатындағы субмәдениет деп те танылады. «Абай жолы және зомби» фанфигі құрылымы, оқиғалық желісі бойынша 2010 жылы жарық көрген Сет Грэм-Смиттің «Авраам Линкольн: охотник на вампиров» романына өте ұқсас келеді.

Мақсат Мәлік фанфигінде «Абай жолы» роман-эпопеясы, бірінші томының алғашқы беттеріндегі бірнеше дайын сөйлемдер өзгертусіз қолданылған. Классикалық туындыда ұзақ жолмен үйге асыққан жас Абай қасындағы екі жолсерігі жорға Жұмабай мен Байтастың ақырын аяңына шыдамай, ішпысты болғандықтан екеуін ұры болып келіп қорқытатын тұсы бар. Сондай-ақ Жұмабай кейіпкердің жас баланы жырлардың тасасында көрінбей жататын ұрылардан сақтандыратын репликасы да кездеседі. Ал жаңа фанфикте блогер Абайдың қолына жапонның суық қаруы кусаригама ұстатып, зобырмен шайқастырады. Зобыр деген жаңа неолексикалық бірліктің жасалу жолын да блогшы өзінің постында түсіндірген. Яғни, обыр (вампир, упырь) және зомби сөзін өзара кіріктіріп, зобыр сөзін қолданады. Жаңа мэшап туындысында Абай, Жұмабай және Байтас үшеуі бірлесіп жүріп, зобырды өлтіреді. Кеңістік, уақыт және кейіпкерлер есімдерімен қоса сол күйінде шығармаға енеді. Өзгешелігі, ХІХ ғасырдағы қазақ даласын мекен ететін ұры, барымташы антропонимінің орнын қазіргі мәдени кеңістіктің жаңа бейнесі – кейіпкері зомби алмастырған. Блог-жазда Абайдың зомбимен айқасатын тұсына фантастикалық шығарма элементтері кірістірілген. Ескі заман уақыты, далалық/көшпенділік тіршілік пен жаңа ғасыр мәдениетінің зомби-бейнесі әрекетімен қоса, өзара ойша қабыстырылған. Әлеуметтік желілерге тараған бұл жазбаны әлемдік әдеби кеңістікте белсенді қолданыс тапқан фанфик жанрының үлгісі деп қарастырамыз. Блогер өзінің vk.com әлеуметтік желісінде жаңа туындысын оқырманмен ойынның бір түрі және ұлы шындықпен (әдебиеттегі терең пәлсапалық-көркемдік құнылықпен – зерттеуші) таласқа түсе алмайды деп атап өтеді. Мұнда блог жүргізушіні автор әрі әдебиет фанаты деп атауға негіз бар. Желілік әдебиет тудырудың бір тәсілі – жазылған шығармаға оқырманның да қосалқы автор болуына мүмкіндік туған. Сонымен қатар, постмодернизм әдебиетін зерттеуші Р.Барт «автор өлімі» деген тұжырымдаманы да ұсынған болатын. Яғни, шығарма жазылып, жарық көргеннен кейін әдеби-рухани қазынаға айналып, автордан азат өмір сүруі тиіс. «Авторда шығармадан тапқан шамшылдық көп, өмір бойы ұрпағына билік жүргізгісі келген қатал әке сияқты» [19, 59 б.]. Еліктеуге тұрарлық, оқырманға етене таныс шығарма мәтінін көркемдік әдіс ретінде жаңа туындысына қисынын тауып кірістіруге жаңа автордың құқы бар. Интермәтіннің плагиат, цитата, аллюзия, реминисценция, ирония, оқырманмен ойын, симулякр, т.б. әдіс-амалдары кездеседі. Блогер М.Мәліктің «Абай жолы және зомби» шығармасында аталған тәсілдердің кейбірі кездеседі. Блогшы классикалық туынды оқиғасын өз қалау-тілегіне орай басқаша өрбіткен. Жаңа шығармасының формасы мен оқиға құрылымы Сет Грэм-Смиттің «Авраам Линкольн: охотник на вампиров» романындағы фантастикалық сюжеттерге ұқсас шыққан. Жаңа туындыда постмодернизм әдісі ирония (классикалық шығармадағы әдеби оқиға желісі мен мекеншаққа қарсылық), цитата, плагиат («Абай жолынан» дайын мәтіндерді қолдану), аллюзия, реминисценция («Абай жолы» мен «Авраам Линкольн: охотник на вампиров» романдарын ойша тұспалдау және еске түсіру) қолданылған. Сондай-ақ әдебиеттегі постмодернизм бағытында «авторлық ұжым» түсінігі қалыптасқан. Блогер Мақсат Мәлік қазақ әдебиетінің көрнекті туындысы «Абай жолы» роман-эпопеясының негізінде жаңа шығарма тудырған автор ретінде ерекшеленеді. Түйіндеп айтқанда, фанат әдебиеті дәстүрлі әдебиеттегі қалыптасқан образ, сюжет, формаларға қарсылықтан

туындайды деп негіздеуге болады. Постмодернист жазушы, әдебиеттанушы У.Эконың «Постмодернизм дәуірі өнер мәдени форма мен көркем образ тудырудан шаршап, оларды деконструкциялаған кезде туындайды» [20] деген пікірі кездеседі. Жас автор М.Мәлік мұндай стимпанк туындылар «Абай жолын» мектеп оқушыларының «Абай жолын» – түпнұсқалық шығарманы оқуға деген қызығушылығын жоғарылатуы мүмкін деп есептейді [17]. Сондай-ақ, блогер қазақ мәдениетіндегі Абайдың субмәдениеті қазіргі қоғамдағы зомби атаулына қарсы тұра алатын құбылыс деп есептейді. Бұл тұста зомби сөзін сан қырынан пайымдаған жөн. Зомби ағылшын тіліндегі «zombie» сөзінен аударғанда «тірі өлік» деген мағынаны білдіреді. Аталған ұғымның шығу тарихы ұзаққа созылғанымен, тілдік лексиконға ХХ ғасырдан бастап енген. Ортағасырдан кейін Латын Американың Гаити, Ямайка т.б. елдерінде өлген адам денесіне жаман рухты арнайы шақыру арқылы кіргізіп, тірілтіп құлға айналдыратын діни рәсім орындалған. Зомби сөзі құл адам мәнін білдіруден шыққан [17]. Бүгінгі қоғамда өз ақыл-ойы арқылы әрекет ете алмайтын, яғни өзгенің бағыттауымен, жол көрсетуімен ғана жүретін адамды да «құл, өлі» деген сөзбен астарлап, зомби деп атайды. Блогердің ойынша, қазақ қоғамындағы зомбилерге тұсау салатын ақын, дана, ғылым мен білімге ұмтылған алхимик – Абай.

Сондай-ақ, PialoLiang есімді блог иесі Абайдың екінші, төртінші, бесінші, алтыншы қарасөздерін түпнұсқадан көшіріп жариялаған. Постмодернизм бағытындағы шығармаларда авторлар орайы келгенде «әлем – мәтін» деген тұжырымдамаға сүйене отырып, әдеби қазынаға қосылған танымал шығармалардың мәтінін өз туындысына қиюластырып қолданатын плагиат тәсілі кездеседі. Алайда блог жүргізуші өзін, шын мәнінде, әдеби өнім тудырушы деп те санамайтын секілді.

Блог жүргізушілер жазбасын лақап атпен, ашық және жабық түрде жариялайды. Ашық түрі оқырманға қолжетімді, ал жабық формадағы жазбаны оқу үшін сондағы көрсетілген электронды мекенжайға хат жолдап, оқуға мүмкіндік алуға болады.

Поэзия жазатын жанкүйерлер қатары zhan_nur, MERmukhanov, Dumankenshilikov, ErnarSeytahmet, Gasterbaiter, convict, т.б. лақап атпен жарияланған. Kerekinfo.kz сайтындағы «Өлең сөзге әркімнің-ақ бар таласы» деген айдармен берілген өлеңдерді дәстүрлі әдебиеттегі поэзияның көркемдік сапасымен салыстыруға келмейді. Жанкүйер-авторлар ойларын ұйқасқа құрып, қоғам оқиғаларын әзіл-қалжыңға айналдырады. Олар үшін өлеңнің көркемдік сапасы маңызды емес. Немесе қоғам мен саясаттағы көңілі толмаған оқиғаларды дәстүрлі поэзиялық туындылардың стилімен қайта құрастырып шығады. Мысалы, convict деген қолданушы «Кредиттің күйретуі» немесе ала өгіздің ажалы жайлы дастан» (М.Шахановтың ізімен) жазбасында ауыл баласының астанаға жұмыс істеп, қаржы табуға кеткенімен, жолы болмай, банктен несие алғаны айтылады. Несиені банкке қайтару үшін ауылға қайтып, әкесін үйдегі жалғыз өгізді сатуға көндіреді. Блог жазушы жазбасында ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттегі дастанның жырлану мотивтерін, дәстүрін сақтауға тырысқан.

MERmukhanov деген лақап атпен танымал блогшы шетел әдебиетіндегі, көбісіне орыс тіліндегі өлеңдерді қазақ тіліне аударып жариялаған. Өзінің өлеңдері де бар. Жазбаларынан жанкүйердің жоғары интеллектуалдық деңгейі, жоғары сападағы әлемдік жанрларды таңдап оқитын талғам қалыптасқандығы байқалады. Алайда ақындыққа жақын болғанымен, өмірде қалыптасқан ақын еместігі бірден аңғарылады. Өлеңдері жоғары ақыл-ойға құрылғанымен, ақынға тән сезім, шабыт, эмоция, әлемді сезіну, қабылдау сынды көркемдік үдерістер жанкүйер-автор бойынан көрінбейді. «Мен Ромеомын, сен Джульетта», «Салфетка» сынды өлеңдерінде мезеттік сәттерді, күнделікті өмірдің дағдысына айналған әдет, дағдыны сол қалпында шумаққа айналдырған. Жазбада Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясындағы ақындық стильдің нышандары сақталған. Дегенмен блогшы «Боянбашы» деген өлеңінде ақындарша ой қозғап, тереңнен сөз саптайды. Поэзияға тән терең толғаныс, терең пайым, оқырманға ұғындырмақ ой бар. Сондай-ақ, «Поэзия» айдарында ispek92 атты блог жүргізуші «Қара жорға мен Харлем Шейктің айтысы», «Қазақстан мен Германия футбол командаларының айтысы» деген мәнсіз, пайымсыз жазба орналастырған.

Фанат әдебиетінде жанкүйер-авторлар әдебиетте, қоғамда қалыптасқан дәстүрді деконструкциялауға бейім келеді. Қалыптасқан ұғымдар мен пікірлерді ирониялайды. Плагиат, ирония, қайта құрылымдау, цитата, оқырманмен ойын сынды тәсілдер постмодернистік әдебиеттің әдіс-

амалдарына кіретіні белгілі. Сондықтан желілік әдебиетті де постмодернистік шығарманың түріне жатқызуға негіз бар.

Электронды әңгіме. Соңғы жылдары қазақстандық жазушы, ақындардың барлығы дерлік жазған шығармаларын интернет желісінде жариялауда. Әңгіме жанрындағы туындыларын өздерінің жеке сайтында, әлеуметтік желісінде немесе электрондық кітапхана мен әдеби платформалар арқылы оқырманға таралады. Осы тұста біз желіде жарияланған шығарманың барлығын электронды әдебиет жанрына жатқыза алмайтынымызды ескерткіміз келеді. Өйткені интернет-әдебиетті зерттеушілердің бір парасы технология түрлерінің элементтері, тетіктері сөз өнері эстетикасымен синтезделіп, медиалық сипатқа ие болмаса, ол туындыны электрондық/сандық жанр санатына қосуды құптамайды. Электронды шығарманы кітап нұсқасында баспадан шығаруға мүмкіндік жоқ. Өйткені кибер туындыдағы гиперсілтеме, әуен, күй ырғақтары желіде, компьютер мониторында ғана оқылады, тыңдалады және визуалды қабылданады.

Қазіргі уақытта желіде жарияланып жатқан қазақ авторларының шығармалары – кітап форматындағы дәстүрлі әдебиеттің мониторда терілген электронды нұсқасы. Бұл нұсқадағы әдеби өнімдерді кітапқа басып шығарса да ешқандай кедергі жоқ. Шығарманы қағаз нұсқасын да, электронды нұсқасын да оқырманға ұсынуға болады. Желідегі туындыларды жанрлық тектік түрге жіктегенде «электронды», «желілік» және «интернет» сөздері адресат ортасында түсінбестік тудыруы мүмкін. Алайда желідегі шығарма құрылымы, мәтіннің берілу, техникалық безендірілу жолдары басқа да электронды әдебиетке тән өлшемдер туынды жанрының тегін ажыратуда қиындық тудырмайды.

Интернет желісіндегі қазақ жазушыларының электронды жанрдағы шығармалары өте аз кездеседі және оларды толықтай желілік жанрға жатқызуға келмейді. Жас жазушының бірі *Мерей Қосынның “Буве нүктесі”* [20] әңгімесі синтездік (сөз, сурет және музыка өнері) және гиперсілтемелік сипаты арқылы электрондық жанрға кіреді. Әңгімеде авторы белгісіз, қыз бен жігіт бейнесі салынған сурет берілген. Сурет пен мәтін мазмұны өзара сәйкес келеді. Туындыда сириялық Ая есімді қыздың ішкі жан әлемі мен күнделікті өмірінің мезеттік сәттері баяндалады. Соғыстан көз аспаған Сирияда Ая мен оның отбасы үшін жарылыс үйреншікті жағдайға айналады. Шын мәнінде, автор Ая мен оның бауырларының соғыс жағдайындағы өмірін баяндау арқылы бір мемлекеттің тағдырын – әлемдік ірі саяси ойындардың нәтижесін көрсетуге тырысқан. Кейіпкер Ая түсінде ғана өмір, жан тыныштығын Буве нүктесінде табады. Бірнеше түс көріп, жарылыстан оянып кеткен сәтінде соғыс өміріне қайта енеді. Соңғы түсінде де – шығарманың соңында түсі сәтсіз шығып, ұйқыдағы тәтті сәтінен, арманынан айрылады. Соңғы психологизм формасы – кейіпкерінің түс көру сәті арқылы автор Сирия халқының талай уақыттан бері соғыстан арылмаған жағдайын аллюзиялайды.

Әңгіме оқырманға қызықты болуы үшін жас автор кейіпкер түсі мен Буве нүктесінің анықтамасын және «Мың бір түн» ертегісінің мазмұнын беру үшін гиперсілтеме қолданған. Яғни, адресат осы атаулардың тұсына келгенде үстінен компьютер курсорын басып, оның Google жүйесіндегі анықтамасын оқи алады. Сондай-ақ, Аяның түсін ән жазылған mp3 арқылы берген. Туында кейіпкердің түсі анық баяндалған. Қабылдаушы орта мәтіндегі түсіндірмемен қоса, аудиодағы ән арқылы шығарманың атмосферасын, авторлық интенцияны толықтай сезіне алады. 2017-2018 жылдары осы әңгімені интернеттен оқығанымызда аталған әңгімедегі аудио тыңдалатын еді. Қазіргі уақытта (08.05.2020 ж.) гиперсілтеме жұмыс істемейді және М.Қосынның аталған әңгімесі басқа сайттарда аудиосыз (гиперсілтемесіз) жарияланған. Кейіпкерлерінің есіміне жасалған гиперсілтеме мен интермедиялдылық тәсіл автордың «Нерд» [21] әңгімесінде де кездеседі. Туындыда қоғамның кейбір өкілдерінің виртуалды әлемдегі тіршілігі баяндалған. М.Қосынның аталған екі әңгімесін желілік шығарма ретінде зерттеуші Г.Сәулембек «Қазіргі прозадағы постмодернизм» атты диссертациясында постмодернистік аспектіде кеңірек қарастырғандықтан, туындыларды тереңдеп талдауға орын бермейміз [22, 56-61 б.]. Екі әңгімеде көптеген стильдік, грамматикалық қате кездеседі.

Қорытынды. Желілік әдебиеттің жанрлық классификациясы әлі толық қалыптаспаған деп түйіндейміз. Дегенмен интернет-әдебиетті зерттеушілер дәстүрлі әдебиет екеуінің арасынан пайда болған субжанрлармен қоса, толықтай ақпараттық технологиялық бағдарламалар тетігімен безендірілген жаңа кибер-әдебиет түрін жеке жанр ретінде қарастырады. Зерттеуіміздің соңында

желіде дамып жатқан жанраралық түрлерді келесідей көрсетеміз: поэзия, әңгіме, эссе, фельетон, блог (күнделік), т.б. Аталған жанрларды оқу барысында гиперсілтемелер белсенді қолданылады. Бұдан басқа интернет желісінде дәстүрлі әдебиеттің роман, повесть жанры сирек жарияланады. Аталған жанрлық шығармаларды кітап күйінде баспадан шығаруға мүмкіндік бар. Бұдан басқа компьютер мониторында дүниеге келіп, виртуалды кеңістікте ғана өмір сүретін жанрдың қатарына сандық/электронды әдебиет (поэзия, әңгіме, т.б.) пен медиа-поэзия (аудио, видео) түрлерін жатқызамыз. Соңғы жанрлық шығармаларда ақылды бағдарламалар мен басқа да өнер және қолданбалы салалардың функциялық тетігі араласып, гиперсілтемелер белсенді қолданылатындықтан баспадан шығаруға келмейді. Ал қазіргі қазақ авторлары желілік жанр аясында шығарма тудырудан гөрі порталдардағы жеке блог-беттерінде, жеке сайттарында немесе әлеуметтік желідегі парақша, каналдарында жазған әдеби жазбаларын ғана жариялауға бейім. Бұл құбылыс желілік әдебиетте шығарма тудырудың өзіндік қиындығын, суреткерлік талантты цифрлық белгілермен безендіру үшін белгілі бір деңгейде ақпараттық технологиялық бағдарламаларды игерудің қажеттілігін білдіреді. Сөз өнерімен қоса, сандық эстетикасы да қалыптасқаны жөн.

А.М. Ахметова, Н.Б. Ақыш

Институт Литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

ЖАНРОВАЯ КАТЕГОРИЯ КИБЕР-ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация. В статье автор дает анализ жанровой типологии цифровой литературы. Определяет виды субжанров, которые возникли в результате связи традиционной и электронной литературы. Также разъясняет критерии и аспекты, характерные для традиционной бумажной литературы и кибер-литературы. Были сделаны заключительные выводы, определяющие процесс оцифровки художественного произведения и особенности электронной литературы.

В статье интерпретирована поэтика гибридных художественных произведений казахской литературы, написанная под влиянием Интернета и информационных технологий на традиционную литературу. Автор считает, что литературный блог, дневник, электронный портал, литературный журнал, социальная сеть, личные авторские сайты на Интернет-страницах повлияли на появление современных жанров сетевой литературы. В качестве примера представлены полученные художественные произведения (произведения с высоким и слабым художественным уровнем) как знак проявления влияния Интернета и цифровых технологий на казахскую литературу.

Существует множество наименований сетевой литературы, таких как «электронная литература», «машинная литература», «цифровая литература» и «интернет-литература». Несмотря на то, что их названия схожи, существуют определенные различия в деятельности этих видов литературы как в отношении композиции, так и в отношении поэтичности. Семантическое перекрытие именных терминов не различена, кроме того, не уточнена ее жанровая типология. В общей сети широко известны часто написанные и распространяемые жанровые роды литературы, такие как дневник (блог), фанатическая литература, эссе, миниатюра, фельетон, поэзия, рассказ. Отсюда появилось научно-популярное мнение, что цифровые произведения, записываемые через программы только на компьютерном мониторе, относятся к жанру сетевой литературы. В XXI веке большинство читателей, особенно молодежь, стремясь к визуальному восприятию информации, стали толчком к появлению гибридного вида в литературе на основе синтеза видов кино, слова, видео, музыки, графики, живописи. В связи с таким медиальным характером произведений, появилось и название «гибридный жанр». Творчество авторов, создавших отечественную гибридную поэзию, было всесторонне проанализировано. Автор также проанализировал конкретные произведения, сравнивая традиционную литературу с литературным блогом или фанатической литературой, развивающейся на отечественных информационных порталах. Были определены положительные и отрицательные черты литературы, вызываемые читателями и поклонниками, а также отличительные черты традиционной литературы. В статье дается четкое видение автора, связанное с жанровой классификацией художественных произведений в сети Интернет.

В работе художественная поэтика, пропагандируемая и публикуемая в сети Интернет, особенности и недостатки литературы в книжном варианте и в цифровом формате разъясняются методами и приемами в литературоведческом аспекте. По результатам исследования автор статьи рекомендует утверждать, что современные казахстанские авторы, в отличие от создания электронного произведения, в рамках сетевого жанра способны публиковать только литературные записки, написанные на отдельных блог-страницах портала, на отдельных сайтах или в социальных сетях, на каналах.

Ключевые слова: кибер-литература, жанр, электронная литература, казахская литература, медиа-поэзия.

A.M. Akhmetova, N.B. Akysh

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

GENRE CATEGORY OF CYBER LITERATURE

Abstract. In the article, the authors give an analysis of the genre typology of digital literature. Defines the types of subgenres that have arisen as a result of the relationship of traditional and electronic literature. It also clarifies the criteria and aspects specific to traditional book literature and cyber literature. The final conclusions were drawn that determined the process of digitizing a work of art and especially electronic literature.

In the article interprets the poetics of hybrid artistic works of Kazakh literature, written under the influence of the Internet and information technology on traditional literature. The authors believe that the literary blog, diary, electronic portal, literary magazine, social network, personal copyright sites on the Internet pages have influenced the emergence of contemporary genres of network literature. As an example, the obtained works of art (works with a high and weak artistic level) are presented as a sign, a manifestation of the influence of the Internet and digital technologies on Kazakh literature.

In the work, art poetry, promoted and published on the Internet, the peculiarities and shortcomings of literature in the book version and in digital format are explained by methods and techniques in the literary aspect. According to the results of the study, the authors of the article recommends that contemporary Kazakhstan authors, in contrast to the creation of an electronic work within the network genre, are able to publish only literary notes written on separate portal blog pages, on individual sites or in social networks, on channels.

In the article, the authors give an analysis of the genre typology of digital literature. Defines the types of subgenres that have arisen as a result of the relationship of traditional and electronic literature. It also clarifies the criteria and aspects specific to traditional book literature and cyber literature. The final conclusions were drawn that determined the process of digitizing a work of art and especially electronic literature.

In the article interprets the poetics of hybrid artistic works of Kazakh literature, written under the influence of the Internet and information technology on traditional literature. The authors believe that the literary blog, diary, electronic portal, literary magazine, social network, personal copyright sites on the Internet pages have influenced the emergence of contemporary genres of network literature. As an example, the obtained works of art (works with a high and weak artistic level) are presented as a sign, a manifestation of the influence of the Internet and digital technologies on Kazakh literature.

There are many kinds of online literature, such as «Electronic literature», «Machine literature», «Digital literature» and «Online literature». Despite the fact that their names are similar, there are certain differences in the activities of these types of literature, both in terms of composition and poetics. The semantic overlap of nominal terms is not distinguished, in addition, its genre typology is not specified. In the general network, often written and distributed genre types of literature are widely known, such as a diary (blog), fanfiction, essays, miniatures, feuilleton, poetry, and story. Hence the popular scientific opinion that digital artistic works recorded through programs only on a computer monitor belong to the genre of online literature. In the 21st century, the majority of readers, especially young people, striving for the visual perception of information, became the impetus for the appearance of a hybrid form in the literature based on the synthesis of types of cinema, word, video, music, graphics, and painting. In connection with such a medial nature of the artistic works, the name «hybrid genre» appeared. The work of the authors who created the domestic hybrid poetry was comprehensively analyzed. The authors also analyzed specific artistic works, comparing traditional literature with a literary blog or fanfiction developing on domestic information portals. The positive and negative features of literature caused by readers and fans were identified, as well as the distinguishing features of traditional literature. The article gives a clear vision of the author related to the genre classification of works of art on the Internet.

In the work, art poetry, promoted and published on the Internet, the peculiarities and shortcomings of literature in the book version and in digital format are explained by methods and techniques in the literary aspect. According to the results of the study, the authors of the article recommends that contemporary Kazakhstan authors, in contrast to the creation of an electronic work within the network genre, are able to publish only literary notes written on separate portal blog pages, on individual sites or in social networks, on channels.

Keywords: cyber literature, genre, electronic literature, Kazakh literature, media poetry.

Information about the authors:

Ainur Myrzaliyeva Akhmetova, PhD student, Researcher at M.O. Auezov Institute of Literature and Art and teacher of Al-Farabi Kazakh National University;

Nurdaulet Babikhanuly Akysh, Chief Researcher at M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Doctor of Philology

REFERENCES

- [1] Kuchina S.A. Electronic literature: genre, semantic and structural features // *Philological sciences. Questions of theory and practice*. 2015. №1 (43). P.119-123
- [2] Electronic literature collection. <https://collection.eliterature.org/>. 08.01.2020
- [3] Goroshko E.I., Polyakova T.L. Toward a typology of social media genres. *Internet genres*. №2 (12). 2015. P.119-127
- [4] Kazakova O.A., Dolganina A.A. Genres of speech creativity in Internet communication against the background of genres of classical literature. <http://www.lib.tpu.ru/fulltext/c/2015/C77/V2/025.pdf> 27.04.2020
- [5] Scheltjens V. Seterature: A New Literary Movement? <https://www.netslova.ru/teoriya/werner.html>. 23.05.2020
- [6] Sarin L. Seterature as an artistic phenomenon between postmodernism and mass culture // *Teacher of the 21st Century*. 2016. P. 433-440
- [7] The shortest story. <https://egemen.kz/article/216868-enh-qysqa-anhgime> 27.04.2020
- [8] Livejournal.
<https://www.livejournal.com/rsearch?tags=%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B0%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0&searchArea=post>. 10.05.2020
- [9] Qaragyzuly B. Weak humming feelings online. https://vk.com/wall-31746395_26877; <https://interesnoe.me/content>
- [10] Graphic poems. https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B8%D0%B3%D1%83%D1%80%D0%BD%D1%8B%D0%B5_%D1%81%D1%82%D0%B8%D1%85%D0%B8. 17.05.2020
- [11] Otetileuov E. *Baby: poems*. Almaty: Zhalyn, 1986. 255 p.
- [12] Qoshym-Nogay B. *The first mushel (ancient calculation of the age of a person according to the twelve-year cycle): poems for children*. Astana: Pedagogy-press, 2010. 296 p.
- [13] Qydyrov Zh. *One thousand and one days*. Astana: Foliant, 2003. 227 p.
- [14] Qaragyzuly B. *The book of the heart: poems*. 2014. 190 p.
- [15] What is a blog? Who is a blogger? <http://kerekinfo.kz/2014/06/20/blog-degen-ne-blogger-degen-kim.html>. 17.05.2020
- [16] Malik M. Alchemist Abay Kunanbayev in goggle-glasses. <https://www.facebook.com/maxatmalik/posts/2560983353922245>
- [17] https://vk.com/wall59055131?offset=40&own=1&w=wall59055131_2501. 17.05.2020
- [18] Amantay D. *On the peaks of Karkaraly*. Almaty, 2010. T.I. 396 p.
- [19] Eco U. *Postmodernism, irony, entertaining // Spell things by their proper names*. M., 1986. P. 227-229
- [20] Kosyn M. *Bouve point. Nerd*. <http://tamyр.org/?p=2702>. 08.05.2020
- [21] Kosyn M. *Nerd*. <https://massaget.kz/blogs/proza/23968/>. 08.05.2020
- [22] Saulembek G. *Postmodernism in modern prose*. Thesis for the degree of Doctor of Philosophy (Ph.D) . 6D021400 – Literary Study. Almaty, 2017. 136 p.

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

Редакторы: *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, А. Ахметова*
Верстка на компьютере *А. М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 11.08.2020
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
21 п.л. Тираж 500. Заказ 4.

Уважаемые авторы научных журналов НАН РК!

Президиумом НАН РК принято решение, в целях повышения международного рейтинга академических изданий, объединить следующие 3 журнала, начиная с № 5 (сентябрь-октябрь), 2020 г., с высокорейтинговыми журналами НАН РК, входящими в международные базы Scopus, WoS и др.:

1. **«Известия НАН РК. Серия биологических и медицинских наук»** объединить с журналом **«Доклады НАН РК»**;
2. **«Известия НАН РК. Серия аграрных наук»** – **«Доклады НАН РК»**;
3. **«Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук»** – с журналом **«Вестник НАН РК»**.

Статьи, которые публиковались в журналах **«Известия НАН РК. Серия биологических и медицинских наук»** и **«Известия НАН РК. Серия аграрных наук»**, впредь будут публиковаться в журнале **«Доклады НАН РК»**, а статьи, публикуемые в журнале **«Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук»**, – в журнале **«Вестник НАН РК»**.

При подаче статей просим указывать название журнала и отрасль науки, согласно представленного перечня (см. ниже) в данном журнале:

I. Научный журнал **«Вестник НАН РК»** посвящен исследованиям фундаментальной науки (гуманитарные и естественные):

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Гуманитарные (экономика, юриспруденция, история и археология, политология и социология, философия, филология, педагогика и психология, литературоведение, искусствоведение)
2. Естественные (астрономия, физика, химия, биология, география и технические науки). Примеры технических наук: космонавтика, кораблестроение, машиностроение, системотехника, электротехника, электросвязь, радиоэлектроника, ядерная энергетика и т.д.

Адрес сайта **«Вестник НАН РК»** – <http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/arhive>

II. Научный журнал **«Доклады НАН РК»** посвящен исследованиям в области получения наноматериалов, биотехнологии и экологии.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Получение наноматериалов в области естественных наук, медицины и сельского хозяйства.
2. Биотехнология в земледелии, растениеводстве и зоотехнике.
3. Общая биология и биотехнология в медицине.
4. Экология.

Адрес сайта **«Доклады НАН РК»** – <http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

Кроме того, в журналах **«Известия НАН РК. Серия физико-математическая»**, **«Известия НАН РК. Серия химии и технологий»** и **«Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук»** также указаны отрасли науки, по которым будут приниматься научные статьи для экспертизы и дальнейшего опубликования:

III. Научный журнал **«Известия НАН РК. Серия физико-математическая»** посвящен исследованиям в области математики, физики и информационной технологии.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Математика.
2. Информатика.
3. Интеллектуальный анализ данных и распознавание образов.
4. Математическое моделирование социальных и экономических процессов.
5. Механика.
6. Механика машин и роботов.
7. Теория управления и космические исследования.
8. Физика.
9. Ядерная физика.
10. Теоретическая физика.
11. Астрономия.
12. Ионосфера.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия физико-математическая**» –

<http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive>

IV. Научный журнал «**Известия НАН РК. Серия химии и технологий**» посвящен исследованиям в области химии и технологий новых материалов.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Органическая химия.
2. Неорганическая химия.
3. Высокомолекулярные соединения.
4. Физическая химия (катализ, электрохимия).
5. Технология новых материалов.
6. Технология органических веществ.
7. Технология неорганических веществ.
8. Технология химических удобрений.
9. Технология полимерных и строительных материалов и силикаты.
10. Технология пищевых продуктов.
11. Фармацевтическая химия.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия химии и технологии**» –

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

V. Научный журнал «**Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук**» посвящен исследованиям в области геологии и технических наук:

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Геология.
2. Региональная геология.
3. Петрология.
4. Геология нефти и газа.
5. Геология и генезис рудных месторождений.
6. Гидрогеология.
7. Горное дело и геомеханика.
8. Фундаментальные проблемы обогащения минерального сырья.
9. Инженерная геология.
10. Геофизика и сейсмология.
11. География.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук**» –

<http://www.geolog-technical.kz/index.php/en/archive>